

## Лекция 6.

### Тақырыбы: Жалпы физика курсындағы дүниетанымдық негіздері.

**Лекция мақсаты мен міндеттері:** Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика пәні мұғалімдерін әдістемелік дайындау арнайы ұйымдастырылған білім беру құрылымының шеңберінде жүзеге асыру.

**Лекция мазмұны:** Студенттерге бөлінген уақытта қол жеткізуге тиісті оқытуды ұйымдастырудағы мақсаттар бұл құрылымның элементтері болып табылады. Онымен қоса, оған академиялық курстар жүйесі (міндетті және элективті), ЖОО-дағы практикумдар мен практикалар, курстық және дипломдық жұмыстар, оқу жоспарында көрсетілген оқыту көлемі мен уақыты енеді. Олардың әрқайсысының өзіндік мазмұны, (бағдарламада көрсетілген: тақырыбы, немесе орындауға тиісті талаптар), онымен қоса жүзеге асыруды ұйымдастыру формалары (дәрістер, практикалық, семинар, зертханалық сабақтар) қарастырылады. Бұл құрылымның және бір элементі студенттердің оқыту мазмұнын меңгеруінің бақылау жүйесі болып табылады. Оның да мазмұндық (сынықтар мен емтихандар материалдары, бақылау жұмысының тапсырмалары) және жүзеге асыруды ұйымдастыру жақтары бар.

Болашақ маманды физика пәнінен кәсіби даярлау үдерісінде физика ғылымдарының теориялы-әдіснамалық аспектісі философияны, жалпы және теориялық физика мен әдістемелік пәндерді оқытуда жүзеге асады. Соңғысына арнаулы жасалған оқу-әдістемелік міндеттер мен логикалық-құрылымдық сұлбалар жүйелі қолданылады, оларға философиялы-әдіснамалық сипаттағы мәселелер қосылады.

Э.Ф.Зеердің сөзімен айтқанда, кәсіби біліктілік – мамандарға, негізгі біліктілік машықтанған мамандарға тән нәрсе. Негізгі кәсіби құзырлылық машықтанған мамандар мен маманды әлеуметтік кәсіпке жұмылдыруды айқындайды және ол дипломды алғаннан кейінгі білімдерді меңгеру үдерісінде игеріледі.

Жоғары педагогикалық мектептерге білім беру стандартын енгізу мәселесі бойынша орындалған ғалымдардың зерттеулері бізге мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді :

- педагогикалық жоғары оқу орнындарына мемлекеттік білім беру стандартын ендіру нәтижесі үнемі толықтырылып отыруды қажет етеді;
- білім беру стандартында педагогика білімінің мақсаты айқын көрсетілмегендіктен, бітірушіні кәсіби іс-әрекетке даярлау дәрежесінің деңгейін анықтауды талап етеді;
- білім беруде жеке тұлғаның бағдарын ескере отырып білім стандартын қолданудың әдістемесін дайындауды талап етеді;
- стандартты енгізу маман даярлау үдерісінің моделін жасауды талап етеді.

Жоғары оқу орындарының оқу жоспарларында арнайы және психологиялық-педагогикалық пәндердегі байланысты міндетті түрде айқындап алу қажет. Осы мақсатта көптеген педагог мамандар даярлайтын

жоғары оқу орнындарының оқу жоспарларына талдау жасалды. Талдау нәтижесі, біріншіден, мұғалімнің психологиялық- педагогикалық даярлығын жетілдіруді, екіншіден, мұғалім даярлығында басты ролді пәндер атқаратынын көрсетті.

*Жас маманның кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар:*

- жан-жақты талдау жүргізу арқылы қойылатын және орындалатын шешімді дәлдеп, берілген жұмысты атқарудың тиімді жолдарын іздестіріп, сол үшін керекті мәліметтермен, ақпараттармен, құрал-жабдықтармен және материалдармен мүмкін болғанша қамтамасыз етуге;

- оқытудың техникалық құралдарын стандартқа сәйкестендіру жұмысына байланысты құжаттарды дайындауға қатынасып, сол үшін қажетті шолу жасауға, пікірлер мен қорытынды дайындауға;

- бағдарламалар, жоспарлар мен келісім шарттарды іске асыру кезінде әдістемелік және нақты көмек көрсетуге;

- қолданыстағы нормалардың, ережелер мен стандарттардың талаптарының орындалуын қадағалауға;

- ұғымдар жүйесін қалыптастырда алған білімін өзінің кәсіби іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға қолдана білуге; кәсіби іс-әрекетіне байланысты оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, өндірісте қолданылатын мағлұматтарды жинақтау, сақтау және өңдеу әдістерін пайдалана білуге тиіс;

- өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатын ауыстыруға, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге.

*Жалпы білім беретін пәндер бойынша* бакалаврдың әлем туралы ғылыми, философиялық, діни пікірлер, адамзат меңгерген білімнің жан-жақтылығы, қоғамның дамуы, мәдениеттің, өркениеттіліктің, әлеуметтік тәжірибенің сан-алуандығы, Қазақстанның әлемдік тарихи үдерістегі орыны жөнінде нақты көзқарасы, дүние танымы болуы тиіс, қоғам өміріндегі саяси жүйелер мен режимдердің ролін түсінуі, лексикалық-грамматикалық минимум көлемінде әртүрлі жанрдағы ғылыми-кәсіби салаларда диалог-монолог түрінде пікір алмасуға, өз бетінше баяндауға бейімделіп, қазіргі информатиканың негізін, программалаудың принциптері мен тәсілдерін игеріп, компьютерді кәсіби іс-әрекетінде пайдалана білуі тиіс.

*Базалық пәндер циклы бойынша* бакалаврдың жаратылыстану ғылымдарының даму кезеңдері, әсіресе қазіргі замандағы даму ерекшеліктері, физикалық, химиялық, биологиялық үдерістер арасындағы байланыстар туралы; векторлық, скаляр шамалармен, қарапайым және күрделі функциялармен орындалатын амалдардың орындалуы туралы нақты білімі болуы тиіс. Сонымен бірге бакалавр физикалық ұғымдарды, анықтамаларды, теоремаларды, олардың дәлелденуін, математикалық физиканың, жалпы физика мен теориялық физиканың бөлімдерін меңгеріп, ғылыми әдебиеттерді оқып түсінетіндей дәрежеде жетіліп, физика заңдарын және олардың математикалық өрнектерін, табиғаттағы құбылыстарды түсіндіре білуі; меңгерген білімін нақты мәселелерді шешуге; іргелі ғылымның кешені болып саналатын теориялық физиканың негіздерін іс жүзінде, әсіресе, әртүрлі ғылымдар саласының түйіскен тұспалында қолдана білуі тиіс.

*Кәсіптік пәндер циклы бойынша* бакалавр педагогика мен психологияның теориялық және әдістемелік негіздері, оқу-тәрбие үдерісі туралы бүтіндей көзқарасының болуы, ақиқаттың объективті құрылымын, адам психикасындағы жалпы және дара үдерістердің қалыптасуы туралы ұғымының болуы; физиканы оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық және дербес әдістемесін, радиоэлектроника және астрономия негіздерін, физикалық үдерістерді математикалық тәсілдермен моделдеу әдістерін, физикалық зерттеудің эксперименталдық тәсілдерін меңгеріп шығуы тиіс.

**Оқытудың техникалық құралдары:** интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер, бейнефильмдер.

**Оқытудың әдістері мен түрлері:** баяндау, сұрақ – жауап, түсіндіру

**Деңгейлік тапсырмалар:**

1. Жас маманның кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар?

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша бағдарлама құру қандай ерекшеліктерге ие?

2. Дүниетаным дегенді қалай түсінесіз?

2. Жалпы физика курсындағы дүниетанымдық негіздері жайлы не айтасыз?

3. Базалық пәндер циклы бойынша бакалаврдың жаратылыстану ғылымдарының даму кезеңдері

3. Физикалық дүниетанымды қалыптастыруда ғалымдардың ойлары

**ОБСӨЖ тапсырмалары:**

Жас маманның кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша бағдарлама құру ерекшеліктері

**СӨЖ тапсырмалары:**

Физикалық дүниетанымды қалыптастыруда ғалымдардың ойлары. Жалпы физика курсындағы дүниетанымдық негіздері.

**Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования. - Алматы: Ғылым. -2003. -137с.

2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. -144 б.

3. Теория и методика обучения физике в школе общие вопросы. /Ред. С.Е.Каменецкого, М., 2001.

4. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие / Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков/ под ред. В. А. Сластенина. - Москва : Академия, 2004. - 368 с.

5. Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. - Алматы , 2008. - 252